

Leksikografia kombinatoriki (k postanovke zadachi) // Novosti Mejdunarodnoi akademii nauk vysšei školy // M. 2006. № 1 (35). Page 167 176.]

6 Boguslavsky I. M. *Sphere of action of lexical units. M.: About languages of culture, 1996. 464 with. [Boguslavski I. M. Sfera deistvia leksicheskikh edinis. M.: O iazykah kùltury, 1996. 464 s.]*

7 Helbig G. *Wörterbuch zur Valenz und Distribution deutscher Verben. Leipzig, 1975. 458 S.*

8 Sommerfeldt K.-E., Schreiber H. *Wörterbuch zur Valenz und Distribution deutscher Adjektive. Leipzig, 1977.*

9 Amirbekova, A. B. *Linguistic picture of the world of the people as a reflection of collective consciousness (cognitive aspect) / A. B. Amirbekova, G. S. Isaeva. // Molodoi uchenyi (Young scientist). - 2018. -- No. 41 (227). - S. 94-96. www.moluch.ru [Amirbekova, A. B. Lingvisticheskaia kartina mira lüdei kak otrajenie kolektivnogo soznania (kognitivnyi aspekt) / A. B. Amirbekova, G. S. İsaeva. // Molodoi uchenyi. - 2018. - №41 (227). - S. 94-96. www.moluch.ru]*

10 Durkheim E. *On the division of social labor. M., 1991. -- 493 p. [Dürkgeim E. O razdelenii obşestvennogo truda. M., 1991. - 493 s.]*

11 Jung K. G. *On the archetypes of the collective unconscious // Jung K. G. Archetype and symbol. - M., 1991. [İung K. G. Ob arhetipah kolektivnogo bessoznatelnogo // İung K. G. Arhetip i simvol. - M., 1991.]*

12 Amirbekova A., Esenova K., Tymbolova A. *Lingocognitive mechanisms of formation of national world-views of kazakh people // Middle-East Journal of Scientific Research 14 (6): 779-783, 2013. [Amirbekova A., Esenova K., Tymbolova A. Lingokognitivnye mehanizmy formirovania nasionälnyh mirovozzreni kazahov // Blijnevostochnyi nauchno-issledovatel'ski jurnal 14 (6): 779-783, 2013.]*

13 Balakayev M. *Kazakh language. - Almaty, 1987. – 272p. [Balakaev M. Kazahski iazyk. - Almaty, 1987. - 272s.]*

14 Amir R., Amirova *Syntax of simple sentence: Textbook. - Almaty: On Kazakh the university, 2003. - 199 p. [Amir R., Amirova Sintaksis prostogo predlojenia: Uchebnoe posobie. - Almaty: O kazahskom universitete, 2003. - 199 s.]*

15 Mamanov. *Problems of Kazakh linguistics. Almaty: Arys, 2007. [Mamanov. Problemy kazahskogo iazykoznania. Almaty: Arys, 2007.]*

16 Isaev S. *Ideas about Kazakh language. - Almaty, 1997. [İsaev S. Predstavlenia o kazahskom iazyke. - Almaty, 1997.]*

17 Orazov M. *Semantics of Kazakh language. - Almaty 1991.-213p [Orazov M. Semantika kazahskogo iazyka. - Almaty 1991.-213p.]*

18 Nurhanov S. *Valency and types of compatibility. - Almaty 1965. - No12. 71-74p. [Nurhanov S. Valentnöst i tipy sovmestimosti. - Almaty 1965. - №12. 71-74s.]*

19 Kurmanova N.Zh. *System-structural character word-combination of Kazakh language Journal announcer KazNPU Philology series,- Almaty. 2001. - 70p [Kurmanova N.J. Sistemno-strukturnoe slovosochetanie kazahskogo iazyka Diktor jurnala KazNPU Seria «Filologia», - Almaty. 2001g. - 70b.]*

20 Zholshaeva M. *Ability of compatibility of adjectives is in Kazakh - Almaty, 2001. - 24 b. [Jolşaeva M. Sposobnöst sovmestimosti prilagatelnyh v kazahskom iazyke - Almaty, 2001. - 24 b.]*

21 Syzdykova G. O. *Semantic valency is in Kazakh language. - Astana, 2010. - 27 p. [Syzdykova G. O. Semanticheskaia valentnöst v kazahskom iazyke. - Astana, 2010. - 27 s.]*

МРНТИ 16.41.99

Бақбергенава Р.Қ.¹

¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚ-ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ ЭКСПРЕССИВТІ-ЭМОЦИОНАЛДЫ ЛЕКСИКАНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ СИПАТЫ

Аңдатпа

Қазақ және түрік тілдерінде экспрессивті-эмоционалды лексиканың мағыналық ерекшелігі, жасалу сипаты, танымдық негізділігі салыстырмалы бағытта соңғы кезеңде қарастырылып келеді. Коммуникативтік тұлғаның эмоционалды жай-күйіне, ерігіне байланысты ұғымдарды білдіретін

эмоционалды лексика қазақ және түрік тілдерінің сөздік құрамында өте мол. Тіліміздегі сөздердің бейнелі, мәнерлі айтылуы мен сезімге әсер ету қасиеті бір-бірімен байланысты. Эмоция бар жерде экспрессивтілік те болады.

Қазақ және түрік тілдеріндегі экспрессивті-эмоционалды лексиканың ешбір қосымшасыз жеке тұрып эмоционалды бояуға ие болатындығы сөз етіледі. Екі тілде де морфологиялық жолмен пайда болған сөздер кішірейту, еркелету, менсінбеу, елемеу, құрметтеу т.б. қосымшалары арқылы жасалатындығы жан-жақты талданады. Экспрессивті-эмоционалды сөздердің фонетикалық жолмен, яғни дауыс ырғағы, пауза арқылы жасалуы да қазақ және түрік тілдерінде де кездесетіндігі дәйектеледі. Қазақ және түрік тілдеріндегі еліктеуіш сөздердің экспрессивті-эмоционалды қызметінің өте жоғары екендігі, еліктеуіш сөздердің тілдік коммуникацияда актив қолданылатындығы мысалдар арқылы дәйектелді.

Қазақ және түрік тілдеріндегі көңіл-күй одағайларының қуанышты, таңдану мен сүйсінуді, өкінішті білдіретін одағай түрлері мен тұрмыс-салт одағайлары қарастырылады. Одағайлардың тілдік коммуникацияда коммуниканттардың эмоциясын білдіретіндігі салыстырыла талданады.

Түйін сөздер: экспрессивті-эмоционалды лексика, мәдениетаралық коммуникация, тілдік тұлға, эмоция, көңіл-күй одағайлары, тұрмыс-салт одағайлары, еліктеу сөздер, дауыс ырғағы, интерактивті коммуникация

Bakbergenova R.¹

¹ *Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

ETHNO-CULTURAL CHARACTER OF EXPRESSIVE AND EMOTIONAL VOCABULARY IN THE KAZAKH-TURKISH LANGUAGES

Abstract

Semantic features, the nature of creation, cognitive validity of expressive and emotional vocabulary in the Kazakh and Turkish languages are considered at the final stage in a comparative direction. Emotional vocabulary, which expresses concepts related to the emotional state and will of a communicative person, is very common in the vocabulary of the Kazakh and Turkish languages. The figurative, expressive pronunciation of words in our language and the ability to influence feelings are interrelated. Where there are emotions, there is also expressiveness.

The article considers expressive and emotional vocabulary in the Kazakh and Turkish languages, which has an emotional coloring on an individual basis without any suffixes. Morphologically formed words are comprehensively analyzed using suffixes of understatement, affection, contempt, disdain, respect, etc. in both languages. It turns out that expressive-emotional words expressed phonetically, that is, through intonation, pause, are found in both Kazakh and Turkish languages. Examples show the high expressive and emotional activity of imitative words in the Kazakh and Turkish languages, as well as the active use of imitative words in language communication. We consider the types of mood interjections that Express joy, admiration, delight and regret, as well as everyday interjections in Kazakh and Turkish. The role of interjections in expressing the emotions of communicants during speech communication is compared.

Keywords: expressive and emotional vocabulary, cross-cultural communication, language personality, emotion, interjection, everyday interjections, imitation words, intonation, interactive communication

Бакбергенова Р. К.¹

¹ *Казахский Национальный педагогический университет им. Абая
Алматы, Казахстан*

ЭТНОКУЛЬТУРНЫЙ ХАРАКТЕР ЭКСПРЕССИВНО-ЭМОЦИОНАЛЬНОЙ ЛЕКСИКИ В КАЗАХСКО-ТУРЕЦКИХ ЯЗЫКАХ

Аннотация

Смысловые особенности, характер создания, познавательная обоснованность экспрессивно-эмоциональной лексики в казахском и турецком языках рассматриваются на заключительном этапе в сопоставительном направлении. Эмоциональная лексика, выражающая понятия, связанные с

эмоциональным состоянием, волей коммуникативной личности, очень распространена в словарном составе казахского и турецкого языков. Образное, выразительное произношение слов в нашем языке и способность влиять на чувства взаимосвязаны. Там, где есть эмоции, есть и выразительность.

Рассматривается экспрессивно-эмоциональная лексика в казахском и турецком языках, обладающая эмоциональной окраской в индивидуальном порядке без каких-либо суффиксов. Всесторонне анализируется морфологически сформированные слова с помощью суффиксов приуменьшения, ласки, презрения, пренебрежения, уважения и т. д. в обоих языках. Выясняется тот факт, что экспрессивно-эмоциональные слова, выраженные фонетически, то есть через интонацию, паузу, встречаются как в казахском, так и в турецком языках. На примерах доказана высокая экспрессивно-эмоциональная активность подражательных слов в казахском и турецком языках, активное использование подражательных слов в языковой коммуникации. Рассматриваются типы междометия настроения, которые выражают радость, восхищение, восторг и сожаление, а также бытовые междометия в казахском и турецком языках. Сравнивается роль междометий в выражении эмоций коммуникантов во время речевой коммуникации.

Ключевые слова: экспрессивно-эмоциональная лексика, межкультурная коммуникация, языковая личность, эмоция, междометие, бытовые междометия, слова подражания, интонация, интерактивная коммуникация

Кіріспе. Қазіргі таңда әлемдік жаһандану құбылысы барлық ғылым салаларында интеграциялық үрдістерді жеделдетіп, Түркі өркениетінің де дамуына негіз болып отырғаны белгілі. Туыстас түркі халықтарының бір-бірімен ынтымақтастық қарым-қатынасын, білім мен ғылым жүйесі және мәдени-рухани саласындағы байланысын орнықтыратын негізгі құрал – тіл. Тіл – ұлт ерекшеліктерінің бірі, ұлт мәдениетінің көрсеткіші. Халқымыздың тарихы, мәдениеті, әдет-ғұрпы, бүкіл рухани болмысы тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады. Түркі тілдерінің лексикасын айқындау, бір-біріне жақындығы мен ерекшелігін нақтылап, лингвистика ғылымындағы орнын белгілеудің маңызы уақыт өткен сайын жетіле түсуде. Екі халықтың бірлесіп тіршілік еткен аралықта қалыптасқанын, не болмаса одан кейінгі дәуірде рухани сабақтастықтың әсерімен пайда болғанын ажырату сөздік қордағы екі халыққа бірдей ортақ сөздер, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер мен әр ұлт ерекшеліктерін сипаттайтын сөздер қос тілде көптеп кездеседі. Қазақ және түрік тілдеріндегі эмоционалды лексиканы салыстыра қарастыру жаңа ғылыми көзқарастар мен жаңа тұжырымдар жасауға негіз болады.

Профессор М.Балақаевтың пікірінше, тіл – адамның өміріне аса қажетті қарым-қатынас жасау құралы, оның байлықтары – адам өмірінің алтын қоры, өшпес дәулеті. Олардың қызметі әр алуан, тек қана сөйлеу, сөйлесу құралдары емес, эстетикалық, эмоциялық, көркемдік күші бар байлықтар[1.276]. Адамға ғана тән сөйлеу тілі тек ақпарат құралы ғана емес, сонымен қатар тілдік тұлғаның қоршаған ортаға, құбылысқа көзқарасын, сезімі мен көңіл-күйін, субъективті қарым-қатынасын жеткізіп отырады. Қазіргі ғылымның дамуындағы антропоцентристік бағыт адамды интеллектуал тұлға ретінде ғана емес, оны эмоционалды менталды тұрғыдан да зерделейді.

Мәдениетаралық коммуникацияның жетекші идеяларын жүзеге асыруды мақсат еткен лингвистика ғылымының қазіргі бағыт-бағдары ғасыр талабына жауап бере отырып, “субъект – тіл – өркениет” үштігінің аясында қарастырылып келеді. Коммуникативтік тұлғаның эмоционалды жай-күйіне, ерігіне байланысты ұғымдарды білдіретін эмоционалды лексика қазақ және түрік тілдерінің сөздік құрамында өте мол. Мәдениетаралық коммуникацияда тілдің ең кіші бірлігі дыбыстан бастап мәтінге дейінгі тіл бірліктерінің барлығы тілдік тұлғаның қандай да бір ішкі эмоциясы мен көңіл-күйін жеткізуге қызмет етеді. Тіл – тарихи категория ретінде өзінің дамуы барысында эмоцияны сыртқа шырудың бірден-бір негізгі құралы. Осылайша ой қорытындысын жасасақ та, тілдің шынайы мүмкіндігі, әлеуеті сөз әрекетінде жан-жақты ашылады, сондықтан қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің экспрессивтік-эмоционалды қызметін арнайы зерттеу, оны мәдениетаралық коммуникацияда тілдік жағдаяттарда көрініс табады. Қазақ және түрік тілдерінде экспрессивті-эмоционалды лексиканың мағыналық ерекшелігі, жасалу сипаты, танымдық негізділігі салыстырмалы бағытта соңғы кезеңде қарастырылып келеді.

Әдістеме. Эмоциялардың теориялық мәселелерін терең қарастырған психолог Л.С.Выготский эмоцияны жеке үрдістер ретінде емес, тұлғаның бүтіндей қызмет етуінің нәтижесі түрінде зерделеді. Эмоцияларды ойлауды субъектінің сезімдік-заттық іс-әрекетімен байланысының ішкі, психологиялық механизмі ретінде қарастырады. Эмоция тұлғаны белсенділікке ынталандырып, оның қоршаған ортамен өзара қатынасын дамытады[2.415-435]. Психологиялық тұрғыдан өте ақылды, шыдамды,

сабырлы, еңбекшіл түрік халқының мінезіндегі ерекшелік – олардың өте эмоционалдығы, көңіл-күйінің белгілі іс-әрекетке сәйкес тез өзгергіштігі. Эмоциялар мен сезімдер түрік тілі мен әдебиеті бөліміндегі студенттердің сырт пішінен де байқалады. Эмоция тұлғаның мінез-құлқына, сонымен бірге ішкі мүшелерінің қызметіне де әсер етеді. Белгілі жағдаятқа байланысты абыржу немесе ренжу кезінде жүректің қатты соққанын, қан тамыры соғуының жылдамдығы байқалады. Эмоцияны коммуникант сөйлеу тілі арқылы білдіреді. Мәдениетаралық коммуникацияда коммуниканттар әдеп нормаларын сақтай отырып, тілдік тұлға сөз арқылы өз ойын білдіреді. Тіліміздегі сөздердің бейнелі, мәнерлі айтылуы мен сезімге әсер ету қасиеті өзара байланысты. Бейтаныс шетел тілін тыңдай отырып, оны сөйлеп тұрған коммуниканттың қандай көңіл-күйде екенін ажырату қиындық туғызбайды. Шетелдік тілдік тұлғаның нәтижелі коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда «эмоциялық көңіл-күй алмасуын» ескеріп, эмпатия (өзгелердің сезімін түсіне білу), құрметтеу сезімі (өзгелерді тұлға ретінде бағалай алу), шынайылық (өз сезімдерін ашық білдіре алу), тілдік коммуникациядағы әдеби т.б. сапалық белгілерді меңгеруі керек.

Нәтиже мен талқы. Тілдік тұлға тілдік коммуникацияда тілдің эмоциялық жағын, яғни интонация ырғағын, ымдау, дене мүшелері қимылдарын қолданады. Сондықтан, тіл психикалық құбылыстарды танып білудің де құралы бола алады. Тілдік тұлға тілдік коммуникацияда одағай, еліктеуіш сөздерді қолдануда тілдің эмоциялық жағын меңгереді. Шетелдік түріктілді студенттердің қазақша сөз мәдениетін меңгеруде эмфазалық құбылысқа ерекше мән беретіндігі де байқалды. *Эмфаза* риторикалық сұрақтар, анафоралық қайталаулар, сөзді түрліше құбылтып бейнелеп сөйлеу арқылы жасалатындығы белгілі. Дискурста қолданылатын эмфатикалық сөздер, яғни көтеріңкі дауыспен мәнерлеп айтылған сөздер тілдік тұлғаның қазақша ойлау қабілетін жетілдіреді. адам сезіміне әсер ететін экспрессивті-эмоционалды лексикаға ерекше мән беретіні байқалды. Лексикалық минимумды сұрыптауда тілдік құралдар арқылы эмоционалды бояуға ие болған эмоционалды лексиканың басымдылығына назар аударылады. Қазақ тіліндегі қаратпа сөздер: *ағатай, апатай, ботақан, қошақан*; балағат сөздер: *малғұн, ант ұрған, сайқал*; одағай сөздер: *ойтырмай, бәрекелді, қап, тәйірі*.

Сөздің экспрессивті сипаты оның бейнелі, мәнерлі айтылуынан, ал эмоционалдығы оған қоса адамның бір затқа, құбылысқа өзіндік көзқарасын, көңіл күйін, сезімін білдіруінен көрінеді [3.173]. Тіліміздегі сөздердің бейнелі, мәнерлі айтылуы мен сезімге әсер ету қасиеті бір-бірімен байланысты. Эмоция бар жерде экспрессивтілік те болады. Қазақ және түрік тілдеріндегі экспрессивті-эмоционалды сөздер ауызекі сөйлеу стилі мен көркем әдебиетке тән құбылыс.

- Қазақ және түрік тілдеріндегі экспрессивті-эмоционалды лексиканың ешбір қосымшасыз жеке тұрып эмоционалды бояуға ие болатындығы байқалады. Мысалы: Тамаша *тт. çok güzel; Шіркін тт. тамаша, керемет, ғажайып, ғажап тт. harika, mükemmel, şahane; бейшара тт. zavallı, biçare, çaresiz. Айналайын* сөзінің түрік тілінде нақты, тура аудармасы жоқ. Сөздікте айналайын сөзіне: “*Büyüklerin, kendisinden küçüklere karşı kullandıkları “kuzum” “yavrum” “canım” “nazlım” “evladım” anlamlarında bir tür sevgi ifadesi.* Көзіңнен айналайын – *Gözünü sevsinler.* Айналайын, таудай жігіт бол! – *Evladım dağ gibi yiğit ol!*” мысалдары арқылы мағынасы ашылып, түсінік берілген. Жексұрын *тт. sevimsiz*; мыстан *тт. hilekar*, сайқал *тт. düzenbaz*; сұмпайы *тт. dolandırısı т.б.*

- Екі тілде де морфологиялық жолмен пайда болған сөздер кішірейту, еркелету, менсінбеу, елемей, құрметтеу т.б. қосымшалары арқылы жасалады. Мысалы: әкетай, әкежан *тт. Babacığım*; әжетай, анашым *тт. Anneciğim*; апатай *тт. ablacığım*; ағеке, ағатай, ағажан *тт. Ağabeyciğim*; құлыншақ, ботақан, құлдырықтай, алпамсадай т.б. Қазақ халқы төрт түлік малды байлықтың басы, берекенің белгісі ретінде құрметтеп, осыған байланысты қазақ тілінде жағымды мәндегі экспрессивті ренкі жоғары лексика-фразеологиялық тіркесулер қалыптасқан. Тіліміздегі *бота көз, құлын мүсінді* – сұлулық символын білдірсе, *қоңыр қозым тт. kara kuzum, жәудіреген ботақаным тт. masum bakışlı yavrucağım; құлыным бүлдіршін тт. küçük çocuk* немесе *küçük yavrucağım*; балдырған *тт. filiz* – жағымды мәнде қолданылатын экспрессивті-эмоционалды лексика.

Түрік тілінде қазақ тіліндегі еркелету мағынасында қолданылатын *құлыным, құлыншағым, құлынтайым* сөздері қолданылмайды. Қазақ тілінде өте жиі қолданылатын ботагөз еркелету мәніндегі сөзі де мүлде қолданылмайды, бұл сөздің орнына *ceynam gözlüm* тіркесі, яғни маралдың көзіне теңеу тілдік коммуникацияда өте жиі кездеседі.

- Экспрессивті-эмоционалды сөздердің фонетикалық жолмен, яғни дауыс ырғағы, пауза арқылы жасалуы да қазақ және түрік тілдерінде де кездеседі. Бұлар қуану, таңғалу, ризашылық білдіру эмоциясын білдіретін одағай сөздер (*ünlem*) арқылы жасалады. Мысалы: – *Ой-пыр-о-о-ой, не*

деген шабыс еді!... (С.Мұқанов). Осы мысалда берілген ой-пыр-о-о-о-й одағай сөзі түрік тілінде *vay canına, vay be, eyvah* одағай сөздері қолданылады. *Ойбай-а-а-ай, үйден өрт шықты, не жасаған едім, Құдайым-ай!* Бірінші берілген мысалдағы *ой-пыр-о-о-ой* одағай сөзі сүйсіну, риза болуды білдірсе, екінші мысалдағы *ойбай-а-а-ай, құдайым-а-а-ай mm. aman allahım* сөздері күйініш, реніш мағынасында қолданылып тұр.

Интерактивті коммуникацияда коммуниканттың көңілі толу, риза болу, таңдану, сүйсіну эмоциясын білдірумен қатар бірденеге келіспеу, риза болмау, көңілі толмау мағынасында жұмсалатын *туһ* одағай сөзі. – *Туһ, қандай әдемі болып кеткенсің! – Туһ, даусың неткен нәзік еді! – Туһ, өзің сөз ұқпайтын адамсың зой!* Бәрекеді! *Aferin, bravo! Әттеген-ай, әттең mm. keşke.*

• Қазақ және түрік тілдеріндегі еліктеуіш сөздердің экспрессивті-эмоционалды қызметі өте жоғары. Тіліміздегі еліктеуіш сөздер тілдік коммуникацияда актив қолданылады. Мысалы, **гу-гу (guy-guy). Rüzgarın sert estiği sırada çıkardığı ses uğultu; тарс-тұрс (tars-turs) mm. Patır kütür etme gümbür gümbür ses çıkarma, takırtı, patırtı, kütürtü; қалш-қалш (qalş- qalş) mm. Tırıl tırıl, tır tır;** жарқ-жарқ: жарқ-жарқ ету – *mm. (İşildamak parıldamak)* т.б. *Жарқ-жарқ; жарқ-жарқ ету, mm. İşildamak parıldamak.* Түрік тілінде де эмоционалды-экспрессивті лексика синтетикалық, аналитикалық және лексика-семантикалық тәсілдер арқылы жасалады. Қазақ және түрік тілдеріндегі еліктеуіш сөздердің сөзжасамдық қызметіне тоқталатын болсақ, *жарқ* еліктеуіш сөзіне *-ыл* жұрнағы жалғану арқылы зат есім жасалады. Мысалы: *жарқыл т.т. ışıl-tı, parıl-tı; жарқылда mm. İşildamak, parıldamak; жарқылдақ mm. parlayan parlak.* Түрік тілінде *жарқыра* сөзінің екі мағынасы бар. 1. *Parlamak parıldamak ışık saçmak.* 2. *Neşelenmek, keyiflenmek.*

Лингвистика ғылымында тілдік тұлға эмоциясының сөзбен бейнеленуі лексикалық қорымыздағы одағай сөздер арқылы көрініс табады. Қазақ және түрік тілдеріндегі одағай сөздер басқа сөз таптарымен салыстырғанда әуезділікке, ырғаққа, эмоционалды құбылмалыққа, интонацияға өте бай. Экспрессивті-эмоционалды лексика интерактивті коммуникацияның диалогты түрінде кездеседі. Тілдік коммуникацияда қолданылуына қарай одағайлар әр түрлі интонациямен айтылады. Одағайлар екі тілде де сөйлеу актісінде созылыңқы, баяу, біресе жұлып алғандай тез, шапшаң айтылады. Одағай сөздердің эмоционалды-экспрессивті қызметі сөйлеу актісіне қатысушы коммуниканттардың эмоционалды жай-күйін көрсетумен сипатталады. Қазақ және түрік тілдеріндегі одағай сөздердің табиғаты ерекше. Синтаксистік жағынан окшау сөздер деп аталатын одағай сөз табы екі тілде де өз алдына жеке тұрып лексикалық мағына бере алмайды, сөйлем ішінде грамматикалық байланысқа түспейді. Интерактивті коммуникацияда коммуниканттың көңіл-күйін, сезімін, ишара етуді, императивтік мәнін, жеку, мал, жануарларға бағыштап айту мәнін т.б. білдіреді. Тіліміздегі одағай сөздер үш топқа бөлінеді: 1) *Көңіл-күй одағайлары*, 2) *Императивтік ишара одағайлар*, 3) *Тұрмыс-салт одағайлары*[4,564]. Одағайдың аталған түрлері түрік тілінде де бар. Қазақ тіл білімінде одағай категориясын арнайы зерттеген академик Ш.Ш. Сарыбаев 1) эмоционалды, 2) императивті, 3) тұрмыс одағайлары түрінде жүйелейді. Эмоционалды одағайлар әр түрлі сезімдерді, эмоционалдықты, көңіл-күйді білдіріп, сан жағынан ауқымды келетіндігіне тоқталады[5].

• **Көңіл-күй одағайлары – İnsanları ruh durumunu anlatan ünemler**

Қазақ және түрік тілдерінде көңіл-күй одағайларының төмендегі түрлері тілдік коммуникацияда коммуниканттардың эмоциясын білдіреді.

• *Қуанышты білдіретін одағайлар – Sevinci bildiren ünemler:*

Алақай! *Yaşasın!* Бәрекеді! *Aferin! Bravo!* Шіркін! Шіркін-ай! *Ah keşke! Hey gibi!*

• *Таңдану, сүйсінуді білдіретін одағайлар – Şaşırma ve hayret bildiren*

ünemler: Апырау, апырай, япырай, ойпырмай, уа, уай, уау, оу, оһо, ойпыр-ау, мәссаған, бәсе, беу, пәле. *Vay canına! Vay be! Eyvah!*

• Өкінішті білдіретін одағайлар – *Pişmanlık bildiren ünemler:*

Ойбай! Eyvah! Aman Allah'ım! Ойбай-ай! Ох! Oh! Уһ! Uf! Тyy! Туһ! Тyh! Түһ! Ой! (Sevinç, üzüntü, hayret bildiren ünlem **Оу!**) **Алла-ай! Allah'ım!** О, жаратқан-ай! **Ey yaradanım!** Құдай-ай! **Aman Allah'ım!** Қап! **Tüh, vay!** (pişmanlık belirtisi). **Әттең-ай! Әтте-ген-ай! Keşke!**

• *Тұрмыс-салт одағайлары – Günlük hayatta kullanılan ünemler*

Түркі тілдерінде амандасу, қоштасу, ризашылық, сыйластық білдіру ретінде жұмсалатын тұрмыс-салт одағайлары сан жағынан аз болса да, интерактивті коммуникацияда күнделікті тұрмыстық аяда өте жиі қолданылады. Тұрмыс-салт одағайларының да қолданылуында мәдени-әлеуметтік әсердің нышаны байқалады. Түркі халықтарында ер азаматтар сәлемдесу рәсімінде **Ассалаумағалейкум! Selamün aleyküm! Уағалейкумассалам! Aleyküm selam!** этикеттік сөз орамдарын қолданса, әйел кісілер **“Сәлеметсіз бе!” “Merhaba!”** түрінде амандасады. **Хов! Рахмет!**

Teşekkür ederim! Кеш жарық! İyi akşamlar! Күп! Ләббай! Қайырлы таң! Günaydın! Қайырлы күн! İyi günler! Қайырлы түн! İyi geceler! Қайырлы кеш! İyi akşamlar! Кеш жарық! İyi akşamlar! түріндегі сөз әдеби оралымдарының қолданылу деңгейі бірдей емес. Күнделікті тұрмыстық аядағы тілдік коммуникацияда аталған сөз әдебінің оралымдары осы уақытқа дейін толық қолданылмайды. Бұл ретте түрік тілі сөз әдебінде этикалық норманың сақталатындығын, күнделікті тұрмыстық лексикада жоғарыдағы этикалық сөз орамдарының белсенді қолданысқа ие екендігін атап өткеніміз орынды.

Қазақ және түрік тілдерінде императивтік ишара одағайлары адам не хайуанатқа бағытталып айтылатын шақыру, жекіру, тыйым салу, бұйыру мақсатымен қолданылатын экспрессивті-эмоционалды лексика жатады. Түркі тілдерінде адамға бағышталып айтылатын одағайлар халықтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарымен байланысты тілдік коммуникацияда қолданылып, тіліміздің ұлттық-мәдени ерекшеліктерін айқындайды. Императивтік ишара одағайларындағы шақыру мағынасындағы одағайлар (*seslenme ünlemleri*). Адамға бағытталып айтылатын одағайлар – **İnsanlara ilgili ünlemler**. Жекіру, ишарат одағайлары – *Azarlama, tekdir etme, ima etme ünlemleri*. Мысалы: Тәйт! *mm. Sus! Bir işi yapmaya meylettirme ünlemi*; Тәй! Тәй-тәй! *mm. Tay! Yürümeye başlayan çocuğa söyleyen söz*; Тек! *Yeter, kes, sus*; Жә! *mm. Yeter artık!* Әлди-әлди! *Ninni-ninni!* Әуп! *Hop!* Әуп-әуп, бөпешім, келе ғой! *Hop-hop, bebeşim, gel ya!*

Қорытынды. Түркі халықтарының бірлігін дәлелдеп, оларды бір-біріне жақындастыратын ең негізгі құрал – сөйлеу тілі. Бұл мәселе жөнінде Ахмет Байтұрсынұлы: «Біздің түрік тілі әуелде бір тіл болып, сонан соң ел бұтақтап, өскенде, тіл де бұтақтаған. Түбірі бір болса да, түрі басқаланып түрік тілінің арасына тарау-тарау жік түскен. Сондықтан бұл күнде неше бұтақ түрік тұқымынан ел болса, сонша тарау тілінде басқалық бар. Тілдің басқалануына себеп болған – әр түрлі бөтен жұрттармен сыбайлас болып араласқандықтан», – деген пікірі қазіргі күні де өте құнды [8.395]. Түркі әлемінің бірлестігін насихаттап, бір тамырдан тараған туыс халықтардың тілінің, дінінің, рухани табиғатының, мәдениеті мен өнерінің ортақтығын, тұтастығын сездіріп, қайта қауыштыру – өркениетіміздің кең қарышты дамуының көрінісі. Мәдениетаралық коммуникацияда сөздік құрамдағы экспрессивті-эмоционалды лексикасы түркі халықтарының ұлттық-мәдени ерекшеліктерін танытуда ерекше маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Балақаев М. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Вопросы казахского языкознания. – Алматы, “Арыс” баспасы, 2008. – 592 б. 276.
- 2 Выготский Л.С. Эмоции и их развития в детском возрасте //Собр. Соч., М.: Педагогика, 1982. Т.2 С. 415-435.
- 3 Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Оқулық. – Алматы, 264 бет. Қалиев Ғ. 173.
- 4 Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.
- 5 Сарыбаев Ш.Ш. Қазақ тіл білімі мәселелері. – Алматы, Арыс, 2000. – 624 б.
- 6 Коч К., Байниязов А., Башкапан В. Қазақша-түрікше сөздік. Түркістан, “Тұран” баспа орталығы, 2003, 637 б.
- 7 Derdiyok T., Aqbaeva J. Bes тілде тілашар. – Разговорник на пяти языках – Алматы, 2007. – 288 б.
- 8 Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. «Шора» журналы, 1913, № 4, 110 – 113.

Reference:

- 1 Balaqayev M. Qazaq til bilimniñ мәселелері. Voprosy kazahskogo iazykoznanıa. – Almaty, “Arys” baspasy, 2008. – 592 b. 276.
- 2 Vygotki L.S. Emosii i ih razvitia v detskom vozraste //Sobr. Soch., M.: Pedagogika, 1982. T.2 S. 415-435.
- 3 Qaliev Ğ., Bolğanbaev Ä. Qazırgı qazaq tilniñ leksikologiasy men frazeologiasy. Oqulyq. – Almaty, 264 bet. Qaliev Ğ. 173.
- 4 Qazaq gramatikasy. Fonetika, sözjasam, morfologia, sintaksis. – Astana, 2002. – 784 b.
- 5 Sarybaev Ş.Ş. Qazaq til bilimü мәселелері. – Almaty, Arys, 2000. – 624 b.
- 6 Koch K., Bainiazov A., Başkapan V. Qazaqşa-türıkşe sözdik. Türkıstan, “Türan” baspa ortalyğy, 2003, 637 b.
- 7 Derdiyok T., Aqbaeva J. Bes tilde tilaşar. – Razgovornik na päti iazykah – Almaty, 2007. – 288 b.

8 Baitursynuly A. Til taǵylymy. «Şora» jurnaly, 1913, № 4, 110 – 113.

МРНТИ 16.01.11

Досова А¹.

¹ А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті,

А.БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ «ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШ» ЕҢБЕГІНІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Аңдатпа

Ұлт - тіл - мәдениет контексіне байланысты сол тілде сөйлеушінің әлеміне ерекше көңіл бөлу тіл білімінің басқа да ғылымдармен тоғысуына әкелді. Осының нәтижесінде қазіргі тіл білімінде лингвистикалық зерттеулердің интеграциялық зерттеулердің интеграциялық сипаты қалыптасуда. Солардың ішінде тілді ұлттық ой-сана дүниетаным, мәдениет, тарих, этностық рухты бейнелейтін таңба ретінде қарастыратын лингвомәдениеттану саласы. «Этнолингвистика» деген атаудың құрамында тіл мәдениеттің сабақтастығы айқын көрініс табады. Қазақ тіл білімінің бастауында тұрған ғалым А.Байтұрсынұлының еңбектерін жаңа танымдық тұрғыдан зерделеп, бүгінгі жаңа парадигма аясында қарастырудың мәні зор. А.Байтұрсынұлының «Әдебиетанытқыш» еңбегінде ұлттық дүниетанымды айшықтайтын тілдік бірліктер көп кездеседі. Сондықтан ғалым мұрасының этнолингвистикалық сипатын талдап, ашу жұмысымыздың өзектілігін айқындайды.

Түйін сөздер: тіл, этнолингвистика, ұлттық дүниетаным, әдебиеттану, сөз өнері

Dossova A¹.

¹A. Baitursynov Kostanay Regional University

ETHNOLINGUISTIC ASPECT OF WORK OF A.BAITURSYNOV «LITERATURE STUDIES»

Abstract

In connection with the context of the nation-language-culture connection, special attention was paid to the world of the native speaker, this led to the fusion of linguistics with other sciences. As a result of this, the integrative nature of linguistic research is being formed in modern linguistics. Among them is the sphere of cultural linguistics, which considers language as a symbol of national worldview, culture, history, ethnic spirit. In the context of Ethnolinguistics, the continuity of the language culture is clearly manifested. Studying the work of the scientist AkhmetBaitursynov from such a new cognitive point of view, within the framework of a new paradigm, is of great importance. In A. Baitursynov's work «Literaturestudies», there are linguistic units that reveal the national worldview. Therefore, the analysis and disclosure of the ethnolinguistic nature of the scientist's heritage determines the relevance of our work.

Keywords: language, ethnolinguistics, national outlook, literary criticism, verbal art.

Досова А.¹

¹Костанайский региональный университет имени А. Байтұрсынова

ЭТНОЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ АСПЕКТ ТРУДА А.БАЙТҰРСЫНОВА «ЛИТЕРАТУРОВЕДЬ»

Аннотация

В связи с контекстом соединения нации-языка-культуры особое внимание уделялось миру носителя языка, это привело к слиянию языкознания с другими науками. В результате этого в современном языкознании формируется интеграционный характер лингвистических исследований. Среди них сфера лингвокультурологии, рассматривающая язык как символ национального мировоззрения, культуры, истории, этнического духа. В контексте «Этнолингвистики» ярко